



ӨМІР ЖЫРЫН ЖЫРЛАЙДЫ
АҚЫН ЖҮРЕК



УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5Қаз)-5
Ө44

Жауапты редактор:

Дүйсенғали Мейрам Нұрланұлы – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры

Кітапты баспаға әзірлегендер:

Ержанов Арман Құдайбергелі – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғалым-хатшысы

Есіркепов Бекнар Сәбитұлы – Жалпы тарих, археология, этнография ғылыми-зерттеуді қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі

Ермұқан Қыдырғали Мұхитұлы – Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі

Рецензенттер:

Ө.С.Таубатыров – Үргіз аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры

Т.Б.Тілеулесов – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Өмір жырын жырлайды ақын жүрек – Ақтөбе, 2023 - 320 бет.

ISBN 978-601-81053-7-1

Бұл кітапқа өлкеміздің мәдени-рухани дамуына үлес қосқан, ақын, жыршы, қобызшы жерлесіміз Мәлік Әлмұратовтың (1907-1989 жж.) түрлі тақырыпта жазылған өлеңдері мен жырлары енді.

Көп жылдардан бері Беккұл баба ауылының тұрғыны, қызы Сұлушаш Мақашеваның қолында сақталып келген дәптерлерде ақынның Жамал қызбен, Зәкария, Қазбай, Бедермен айтыстары, халық аузынан жинақтаған деректері негізіндегі жазылған «Абат батыр» жыры және басқа да өлеңдері бізге жетіп отыр. Жаңадан басылып оқырманға жол тартқан осы кітаптан М.Әлмұратовтың қоғамдық-саяси өмір, еңбек еткен ортасы, көңіл-күй, табиғат сұлулығына арналған лирикалық шығармаларымен танысуға болады.

Кітап әдебиет сүйер қауымға, өлкетанушыларға, студенттерге және жеріміздің тарихы мен мәдениетіне қызығушылық білдіріп, ізденіп жүрген оқырмандарға арналады.

ISBN 978-601-81053-7-1

© Облыстық тарихи-өлкетану музейі, 2023

ӨМІР ЖЫРЫН ЖЫРЛАЙДЫ АҚЫН ЖҮРЕК

РЕДАКЦИЯДАН

Дала төсінде халық арасынан шыққан суырып салма сөз өнерінің майталмандары – ақындар мен жыраулар қашанда да аз болмаған. Әрдайымда ұлт рухын асқақтатып, қазақ мәдениеті мен өнерінің тарихында терең із қалдырған олардың шығармалары халық жадында сақталып, ал өнегелі істері көпке үлгі, ұрпаққа тәрбиелік жағынан маңызды болып келеді. Замаң көші алға жылжыған сайын бұндай тұлғалар өмірін қайта зерделеу, оларды танытып насихаттау және ұрпақ жадына сіңіру бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірегейі болып табылады.

Осы мақсатта көзі қарақты оқырманға ұсынылып отырған жинақта белгілі ақын, жыршы, қобызшы жерлесіміз Мәлік Әлмұратовтың әр кезеңде жазылған өлеңдері, жырлары, айтыстары мен жұмбақтары еніп отыр. Халық арасынан шығып, өзінің жүйрік сөзімен ортасына кеңінен танымал болған Мәлік ақынның сақталып қалған өлеңдері А4 көлеміндегі қалың екі дәптерге қаламмен түсіріліп, бұл дәптерлер қазіргі уақытта Беккұл баба ауылында тұратын қызы Сұлушаш Мақашеваның қолында сақталып келеді.

Мәлік Әлмұратов 1907 жылы қазіргі Әйтеке би ауданы Басқұдық елді мекенінің Жиделібұлақ деген жерінде дүниеге келген. Өнерге жақын өскен зерек баланың әке-шешесінен және өзін қоршаған жақын туысқандарынан үйренері мол болды. Ағаштан түйін түйген әкесінің қолымен жасалып дайындалған домбыра мен қобыз бала Мәліктің өнер әлеміне қадам басар алғашқы аспаптары еді. Өзінің «Өмір өчеркі» шығармасында ол сол кездерді былайша еске алады:

Домбыра, қобыз тартып сауық етіп,
Балалық өткізуші ек тамашасын.
Сақыпбек, Әжібекпен екеу еді,
Бірге өскен ойнап-күліп жан жолдасым.
Үшеуіміз қайда барсақ бір жүреміз
Оларсыз тарамайтын ішкен асым...

Аталған өлеңде Мәліктің он беске толып, өнерімен көпке шығып, алғаш рет айналасына таныла бастаған кезі баяндалады. Мәліктің бозбала жасқа қадам жасаған уақыты ХХ ғасырдың 1920-22 жылдары аралығындағы қазақша жыл қайырумен айтқанда елімізде орын алған мешін-тауық жылдарындағы азамат соғысының салдары, ашаршылық және басқа да қиыншылықтармен тұспа-тұс келді. Әкесі Әлмұрат отбасын аман сақтап қалу үшін Сыр бойындағы Жанайкөлдегі Жалғасбай, Рахмет, Қожақ есімді нағашыларына барып, қоныс тепкен. Осы өлеңнің кейінгі жолдарында көп ұзамай әкесі отбасын ертіп Қуаң бойындағы туыстарына көшіп барғандығы айтылады. Талантты жас Мәліктің есеюіне Сыр мен Қуаңдария жеріндегі қаймағы бұзылмаған қалың өнерлі ортаның ерекше ықпал еткендігін атап өткен жөн.

«Өмір очеркі» өлеңінде елге сыйлы, өзі жомарт Байшуақ бай ұлды болғанына дастархан жайып, үлкен той жасайды. Осы тойда өзін танытқан «жас ақынның» өнері туралы халық арасына әңгімелер лезде тарап кетеді. Қолына домбыра алып жырлаған Мәліктің шығармашылығында ел қорғаған батырлардың шайқастары, сезімге толы ғашықтардың сыршыл әлемі, туған жердің қадір-қасиеті, ұрпаққа деген бабалар аманаты тұшымды жыр жолдарымен жеткізіліп, айналасына жиналған тыңдармандарды серпілтіп қоятын. Ол өз өлеңінде:

Ойнаттым домбыраны қолды сермеп,
Шырқадым түрлендіріп әнін өрнек.
Қырандай жем аңсаған бабындамын,
Қызынып сөйлеген соң кеттім терлеп.
Ер Тарғын, Айман-Шолпан, Тоган батыр,
Қиссалар тағы басқа толып жатыр.
Түнімен осылардың айттым бәрін,
Таң ата ырза болып тарапты ақыр – деп жеткізеді.

1925 жылы аты енді шыға бастаған, жалындаған он сегіздегі жас ақын Ақтастыда отырған Жағалбайлы еліне барып, осындағы Махан есімді кісінің сөзге жүйрік он жеті жасар Жамал деген қызымен айтысады. Мәлік пен Жамалдың

жастары қатарлас. Екеуі қолдарына домбыраларын алып, өзара айтысқан кезде олардың өнерін тамашалағысы келген жан-жақтан жиылған көпшілік барынша қолдау көрсетіп, екі жас бұл сайыста барлық өнерлерін ортаға салады. Автордың өз қолымен қағаз бетіне түсірілген бұл айтыста Жамал болсын, Мәлік болсын тосыннан келген сұрақтарға тапқыр жауап беріп, өлең сөзге шешен әрі тапқыр екендігін дәлелдейді.

Мәлік Әлмұратов 1928 жылдан бастап Жантай және Мамыт ауылдық кеңестерінде қызмет жасайды. Одан кейін өзінің «Райком Бердіқұловқа арыз» деген өлеңінде баяндағанындай, облыс аумағында Бірғызда ашылған халық театрында бес жылдай еңбек етіп, театрдың Шалқар қаласына ауыстырылуына байланысты елде қалуды жөн санады. Осы өлеңінде:

Бес жылдай театрда қызмет қылдым,
Өнерін искусство жақсы білдім.
Қосымша әртістікті қоса атқарып,
Театр директоры болып тұрдым – деп еске алады.

Соғыс қарсаңында Мәлік ақын балаларға ән-күйден сабақ беріп, мектеп жанындағы интернатта меңгеруші болып еңбек етеді.

Ел басына күн туған шақта Мәлік ақын жерлестерімен бірге әскери сапта қолына қару алып майданға аттанады. Соғыста оң аяғынан ауыр жарақат алған оны екі күн өткеннен кейін өз жауынгерлеріміз тауып алып, госпитальге жөнелтеді. Жарақатына байланысты елге оралғаннан кейін Мәлік соғыс зардабынан алған жарақаты жанына батса да қол қусырып отыра бермей, елде жұмыс күші жетпей жатқандығын сезініп, қайнаған қызу еңбекке араласады.

Соғыс ауыртпалығы оның өсіп өнген ауылына да әсер етпей кетпеді. Қажыған, шаршаған қауымның еңсесін көтеріп, тырбынып еңбек етіп, шаруашылықты қалпына келтіру жұмыстары күтіп тұрды. Өмірдің осындай ауыртпалығын сезінген ақынның сыршыл да өршіл әлеміне орын алған жағдайлар оны қажытпай, керісінше, осындай қанқұйлы

оқиғалармен Ұлы Жеңіске жеткен халықтың бойын тіктеп, жарқын болашаққа сеніммен қарауына өз жырларымен үндейді.

Қолжазбада көрсетілгендей, Мәлік ағамыз Қарабұтақ жерінен шыққан талантты жыршы Зәкария Шоқаевпен айтысының ерекшелігін атап өтуге болады. Бұл оқиға 1960 жылдың наурызында Қарабұтақ және Ырғыз аудандары ақындарының өзара айтысында орын алған. Оның қарсыласы сөзге шебер, өлкедегі өнерлі азаматтардың бірі, халық арасында «жыршы» атанған, «Орақ-Мамай», «Кенесары-Наурызбай», «Сегіз Мақпал» және өзге де жыр-дастандарды нақышына келтіріп орындаудың шебері болған, өзінен бірнеше жас үлкен Зәкария ақынды Мәлік Әлмұратұлы кейіннен айтысты жазбаға түсіргенде былай деп суреттейді:

Айттыса келді маған Закария,

Қартандау жігіт екен көрген көпті.

Төселген бұрын жорға кісі екен,

Әр сөзге оралымды тілі енгі – деп сипаттап береді.

Жалпы алғанда, Мәлік пен Зәкария бір толқынның азаматтары. Олардың жүріп өткен өмір өткелдері өзгелерге үлгі боларлық. Сондықтан да олардың айтысында еңбек жолында ерте шындалғандығы, жаңа қоғамды құру мен дамытуда барлық күш-қайраттарын жұмсағандары айтылып, сол уақыттағы заман талабына сай аудандардағы шаруашылықтың жеткен табыстарын қортындылап жеткізеді. Әрине айтыс болғасын айтыскерлер бірін-бірі қағытып, еңбек ұжымдарында орын алған олқылықтар мен кемшіліктер туралы да айтпай өтпейді. Өз аудандарының жеткен табыстарын мақтанышпен жырлаған айтыскерлердің сөз қағыстыруы облыстағы еңбек ұжымдары арасында көпке дейін аңыздай айтылып жүрді.

Жоғарыда айтылғандай, бұл жинақта оқырман қауым Мәлік Әлмұратовтың өз қолымен қағаз бетіне түсірген Жамал қызбен, Бедермен, Қазбаймен өткен және басқа да айтыстарының мазмұндарымен нақты таныса алады.

Ақын өзінің өлең-жырларында сол кездерде еңбек озаттары атанған еңбекшілердің есімдерін де қалыс қалдырмайды. Туған жердің гүлденуі мен дамуына үлес қосқан

еңбек екпінділері - Социалистік Еңбек Ері, шопан Мәмбетов Әбдібек, озат колхозшылар Мәмбетова Атлас, Құдабаев Шәріп, шаруашылық малдарын шашуын шығармай бағып келе жатқан Боқаев, Қашыбаев, Тайгарин, Жемісбаев және тағы басқа азаматтарды ол өз өлеңдерінде ерекше құрметпен атап өтеді. Ақын өзінің өлең-жырларында осындай еңбек азаматтарын танытып жеткізумен қатар, шаруашылықтардағы жұмысы салақ, ісі өнбей, көптің көңіліне кірбің түсіретіндерді де сынап отырды. Ақын өлеңдерінде сондай-ақ, өз заманына сай мемлекет тапсырған қоғамдық мүлікке жауапкершілікпен қарау, социалистік жарыстардан үздік шығуға талаптану жырланып, шаруашылықтарды екпінді ұжымдар қатарынан көрінуге және ортақ мүддеге сәйкес еңбек етуге шақырды. Жалпы алғанда, ол сол кезеңдегі қоғамның кескін-келбетін шынайы жеткізе отырып, әрқашанда еңбек адамдарын құрмет тұтып жырлады.

Мәлік Әлмұратовтың жинаққа енген өлеңдерінде құрбы-құрдастары, ауылдың бетке ұстар азаматтары немесе ауыл шаруашылығындағы түрлі кәсіп иелеріне арналған өлеңдер бар. Оның өлеңдерінен аға буын болсын, кіші буын өкілдері болсын өз ісімен танылған азаматтардың күш-қайратына, еңбегіне және сыйластығына деген ерекше құрметі де айқын аңғарылады.

Сондықтан да, ақынның жинаққа енгізілген өлеңдері, қазіргі таңда жаңа Қазақстан қоғамын құрудағы жас ұрпақ үшін тарих беттерін жырмен жеткізген маңызды да нақты тарихи деректер қатарын толықтыратындығы анық.

Ұзақ жылдары бойы ұрпақтарының қолында сақталып келген Мәлік ақынның қоғамдық-саяси, табиғат, ғашықтық-сүйіспеншілік, көңіл күйге байланысты жазылған лирикалық өлеңдері мен жырлары, өзі еске түсірген бірқатар айтыстары қолжазба дәптерінен қайтадан көшіріліп, өлең жырларының жинақ кітабы ретінде қалың оқырманға жол тартып отыр.

Осыған байланысты, ақын әкенің әдеби мұраларын жоғалтпай, ұзақ жылдар бойы көзінің қарашығындай сақтап келген қызы Сұлұшаш Мақашеваға осы кітапты бастырып

шығаруға рұқсат бергеніне алғысымызды жеткізе отырып, редакция атынан ризашылығымызды білдіреміз.

Ендеше өткен кезеңнің тарихи оқиғаларына куә болған Мәлік ақынның ұрпаққа аманатындай қалдырған өлең-жырлары қай оқырманды болсын бей-жай қалдырмай, өлеңсүйер қауымның жүрегінен берік орын алады деп сенеміз.



МАЗМҰНЫ

Редакциядан 3

Естеліктер

Макашева С.М. Әкем туралы есте қалған естеліктер	9
Ілиясова Р.І Мәлік Әлмұратов.....	15
Мырзабай Б.Б. Мен білетін Мәлік аға	24
Мырзалы М.Қ. Өмірі де, өнері де өнеге	27
XXV жылдық Қазақстан тойына арнадым.....	30
XXVIII жылдық октябрь тойына.....	32
Жеңіс күніне.....	34
Мақтанам.....	36
Ұлы Маршал елім сүйген Сталин	40
Сын.....	40
Қызыл өгіз арызы	42
Ибраһим Игісіновке	44
«Қарақай» колхозының председателі Игісінов Ибраһим мен торы тайдың айтысы	46
Кіжтайға (ауырып жатқанда).....	49
Күншімов Ақмолдаға	49
Садыққа	51
Ибраһимге	52
Бердияров Өсердің арызы.....	53
Ұлы сапар жорығы	55
«Жаңатұрмыс» колхозының председателі Исатаев Қозыбаққа	63
Сүйгеніме	68
Жастық.....	68
Ибраһимге	69

Еркін серіге	70
Ақбикеш	71
Жақасқа	86
Абат батыр	87
Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институттың зам. директоры Мәлік Ғабдулинге	123
«Ақөткел» колхозының председателі	
Қаржауова Меруертке қызыл өгізден арыз	123
Райком Бердіқұловқа арыз	124
Шамбыл ағай үйіндегі жеңгейге	127
Төлебайға	129
Мамыт	129
Дүйіске	138
Тәһирға	139
Кейбір жігіттер туралы	140
Үмбетовтің өтініші	141
Тәкеев Аяпқа	142
Қарала ат	143
Төлебай	144
Шаңғытбаев Жөкейге	144
Жөкейдің жауабы	145
Екі есе орындаймын деді маған	146
XXX жылдық октябрь мерекесіне арнаймын	147
Күмісбай мен Есет (Есеттің Күмісбайға айтқаны)	150
Жақыпқа	152
Ербатырға	152
Заданың хаты Мәліктің жауабы. Омаровадан	153
Омароваға жауап	153
Көктем	155
Темірастау	156

Қара қасқа ат	160
Хадишаға	163
Мұсаға	164
Әбілге	165
Жанай Нұржановқа	167
Екі аяқтың айтысы	168
Батыршаға	170
Насыбайшы Мұхамбетқали	171
Мұхамбетқалидің ойы	171
Қайыр	171
Отардағы кейбір жағдай	173
Бір бұзаудың өлімі	174
Маскүнем	175
Жұмбақтар	177
Жалқаудың бейнесі	178
Балам Гүлжаһанға	179
Қалмағанбеттің адасуы	180
Қалмағанбетке	182
Маскүнемнің бойына сіңген әдет (Махамбетқалиға)	183
Ұлымның серті	184
Ана	185
Асыл жар	186
Жалтайға	186
Ыбырайдың ауруы (Көпшілікке жағдай айтуы)	188
Біреу	189
Төлебайға	189
Шыңбай мен Мәлік	190
Шыңбайдың кетерде айтқан сөзі	196
Бегалин Балтабекке	197
Мәлікке	197

Өлең М.К.Г.Т.-дан	199
Жұмбақтар.....	200
Айтыс (Мәлік Әлмұратов пен Зәкария Шоқаев арасындағы айтыс)	201
Қазақстан тойына	221
Көктем	222
Жаз.....	222
Мәлік пен Бедердің айтысы.....	223
Мәлік пен Жамал қыздың айтысы	230
Мәлік пен Қазбайдың айтысы	240
Дүйсенбайға.....	259
Қазбайға.....	260
Құлмырза.....	261
Бір инженерге.....	262
Өмір очергі.....	263
Естелік	289
Сейдагұлға.....	297
Автомашина мен шофердің айтысы	298
Смайылға.....	299
Шопандар тойында.....	300
Қосымшалар (фотосуреттер).....	302